

ҚАЗАҚСТАН СУДЬЯЛАРЫНЫҢ СЪЕЗІ

ӘДІЛСӨТ – ХАЛЫҚ ҚЫЗМЕТШІСІ

Кеше Астанада Қазақстан Судьялар одағының VI съезі болып өтті. Съезде сөз сөйлеген ҚР Президенті Н.Назарбаев Халықтың қалың жігіне әділсөт төрелігінің қолжетімділігін қамту маңызды деп мәлімдеді.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы соттық дау-дамайлардың толыққандылығын қамтамасыз етудің тетігі ретінде сот үдерістерінің электрондық тіркелімін жаппай енгізудің қажеттігін атап өтті. «Бірінші инстанциядағы барлық соттарды бейнеконференция жүйелерімен қамтамасыз ету қажет. Бұл сот төрелігін қашықтық режимінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Соттарға шағымданған тұлғаларға өздерінің құқын қорғауда аумақтық және ұйымдастырушылық кәсіпорындар келергі болмауы керек. Тараптардың тандауына балама мүмкіндіктерді кеңейткен де маңызды. Сотқа берілетін шағымға қатысты кез келген формальды талаптарды жою керек», — деді Н.Назарбаев.

Елбасының айтуынша, бұндай мәселе әсіресе халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобына, оның ішінде көмекетке толмағандарға қатысты істерді қарауда маңызды. «Соттар заңдағы олқылықты пайдаланып, қандай да бір болмашыны сылтау етіп өтініштерді қабылдаудан бас тартуға құқылы емес. Судья — бұл барлық мемлекеттік қызметкер секілді ең алдымен халыққа қызмет етеді. Олардың тікелей міндеті азаматтардың құқы мен міндетін қорғау жолында барлығын қамтамасыз ету», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге Азаматтық іс жүргізу кодексын жаңғырту маңызды екендігіне тоқталған Елбасы: «Үкіметке Жоғарғы сотпен бірлесіп, жана Азаматтық іс жүргізу кодексінің жобасын әзірлеуге кірісуді тапсырамын. Азаматтық істі қарау тәртібі процесс тараптары үшін ыңғайлы, жедел, заманауи технологиялары қолдануға әрі кенінен пайдалануға бағдарланған болуы тиіс», — деді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы сот шешімдерін қайта қарауды талап ететін жайттарға заңнамалық негізделген шектеу әдістемесін әзірлеп, енгізу қажеттігіне тоқталды.

«Барлық судьялар жана заңнама талаптарымен жұмыс істеуге дайын болуы тиіс. Істі жедел, заңды,

әділ қарауды қамтамасыз ету керек. Бұл үшін судьялармен қатар соттардың төрағалары да жеке жауапкершілікке ие болуы қажет», — деді Н.Назарбаев.

Сот билігі тармағының беделін көтеру мен тәуелсіздігін арттыруға байланысты басым бағыттарды айқындау маңызды. Судьялардың VI съезі отырысының басты міндеті осы.

«Бүгінгі Қазақстан кәсіби судьялық корпусы бар заманауи әділсөт жүйесіне ие. Елімізде жалпы әкімшілік, экономикалық, қылмыстық, ювеналды және қаржылық юрисдикциядағы 378 сот бар. Онда 2 мың 214 судья қызмет етеді. Бұлардың бөрі қатан біліктілік талаптарынан өтті. Аса ауыр қылмыстық істер алқа билердің қатысуымен қаралады. Азаматтардың құқы мен бостандығын қорғау мақсатында соттардың бұлтартпау санкциясы қызмет етеді. Жалпы алғанда Қазақстандағы сот реформасы біздің әділсөтшімізді азаматтардың мүддесіне барынша жақындатып келе жатқанын көрсетіп, сот дау-дамайларының сапасы артқаны байқалады», — деді Елбасы.

Мемлекет басшысы қазақстандық сот билігіне сенімділік деңгейін арттыру мәселесіне тоқтала келе, «бұған сот тәртібімен қаралатын істердің өсу көрсеткіші» дәлел бола алатынын атап өтті. «Бұл көрсеткіш 2000 жылдан бері жыл сайын миллион істен асып түсті. Екіншіден, сот жүйесіндегі сапалы өзгерістерді БҰҰ институттары жүзеге асырып жатқан әлеуметтік зерттеулер де айқындайды. Судьялардың тәуелсіздігін арттыру үшін олардың тәртіптік жауапкершілігі тікелей сот қазыларына берілген. Бұл судьяларға болуы ықтимал кез келген қысымды азайтып, сот тәуелсіздігін нығайтты. Соңғы 4 жылда тәртіптік жауапкершілікке тартылған судьялар мен теріс әрекеттері үшін қызметтен босатылғандар саны 4 есеге төмендеді. Алайда, мұндай судьялар кейбірде облыстық сот қазыларымен қорғалып та жататын жағдай кездеседі. Әрине, мен судьялар секілді кез келген азаматтың әділетсіздіктен, жала жабудан қорғалуын жактаймын. Алайда, біз өзімізге өзіміз қатан сын көзбен қарауымыз керек», — деді Н.Назарбаев.

Сонымен қоса, Елбасы 2009 жылдан бері жыл сайын жойылған сот шешімдері орташа алғанда 0,5-0,9 пайызға тұрақталғанын, мұның да әділсөт билігінің деңгейі артып келе жатқанына дәлел екенін алға тартты.

ЕЛБАСЫ ФЕНОМЕНІ



Азаттық ұғымы — қазақ халқының рухани және әлеуметтік болмысындағы ардақты және асыл сөз. Қазақ үшін бұл ұғымның мәні мен мазмұны өте терең. Өзінің даму тарихында аласапыран заманауи оқиғаларды басынан өткізген қазақ ұлты азаттық танын ерекше күткені ежелден белгілі. Қазақ халқы қай заманда болмасын өз болмысының азаттығын өз өмірінен артық қойған халық. Ұлтымыздың дүниетанымдық түсінігі әр кезде азаттық, тәуелсіздік ұғымдарымен сабақтасып жатады. Қазіргі таңда Қазақстан озық ел, озық мемлекет аталып, әлем қауымдастығынан ойып тұрып орын алған ел болды. 1991 жылы желтоқсан айында, халқымыз өз Президентін сайлап алды. Алаш жұртының абзал перзенті, халқы тандаған ертілуга Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халқына арнаған алғашқы сөзіне: «Отандастарым, мұнан бөлек уайымым да жоқ, олардан бөлек қайғым да жоқ, нені болса да елмен бірге көремін, еліммен бірге төземін, еліммен бірге жетемін» — деген еді. Бұл сөз Елбасымыздың азаматтық принципі, қайраткерлік кредосы. Перзенттік парызы. Азаматтық қарызы.

Тәуелсіздік жылдары Елбасы үшін оңай болды деп айта алмаймыз. Елбасымыз «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында: «Біз өзіміздің тәуелсіз, егемен мемлекетіміздің негізін қаладық. Барлық қажетті

мемлекеттік құрылымдар қазірдің өзінде бар, әрі ай сайын тәжірибесі мен біліктілігін ширата түсуде. Бірақ мемлекетіміздің құрылысы аяқталатын күн әлі алыс» — деген еді. Тәуелсіз еліміздің іргетасын қалап, әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуы үшін Елбасымыз көп еңбек сіңірді. Бүгінгі таңда бүкіл әлем Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевты жана мемлекет жасау жолындағы қиыншылықтарды жеңуде мұқалмас жігер, қажымас қайрат танытып, тарихтың да, тағдырдың да сынынан абыроймен өткен, халқын, елін ғасырлар төріне төртеткен ұлы тұлға деп біледі. Оның кеменгерлігіне, алыс болашақты болжай алатын көрегендігіне, білімі мен біліктілігіне бүкіл қазақстандықтар төнті.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» Жолдауында еліміздің жасампаздық жолмен дамуының басым бағыттарын белгілеп берді. Қоғам алдында тұрған міндеттерді орындау жолында кездескен көптеген қиыншылықтарға қарамастан ел дамуының саяси, әлеуметтік-экономикалық және сыртқы саяси үлгісі өз тиімділігін дәлелдеді. Елбасымыз атап өткендей: «Біз қуатты да табысты тәуелсіз мемлекет құра білдік.

2-бет

ҚР Премьер-министрі Серік Ахметовтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысына берілген жерлерді және ауыл шаруашылығы айналымына енгізілген алқаптарын түгелдеу бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері қаралды.

«АҚБҰЛАҚ» АУЫЛДЫҢ АЖАРЫН АШАДЫ

СЕЛЕКТОР

Селекторлық режимде өткен мәжілісте ҚР Өңірлік даму министрі Болат Жәмішев баяндама жасады. Оның айтуынша, өткен жылы 7004 шаруашылық субъектілерінде 3100,6 мың га пайдаланылмаған жерлер анықталып, оның 400 мың гектары егістік жерлер екені анықталған.

—Ағымдағы жылдың нәтижелері бойынша түрлі шаралар жүргізілді. Біріншіден, келіссөздер мен ескерту шараларының қорытындысы бойынша 3064 субъектілерде көлемі 762,5 мың га жерді пайдалануға кірісті. Екіншіден, 1098 шаруашылық субъектілерде бір жақты төртіппен көлемі 317,4 мың га жерді жалдау шарттары бұзылып, олар мемлекеттік жер қорына қайтарылды. Үшіншіден, пайдаланылмауынан 476,4 мың га жер несіз мүлік ретінде есепке алынды. Сонымен қатар, пайдаланылмауынан уәкелеттерін иелеріне өкімшілік төртіппен жалпы сомасы 4 млн. теңгенің үстінде айыппұл салынды, —деді Болат Жәмішев. Сонымен қатар, жеке тұрғын үй құрылысына берілген жер телімдерінің жалпы көлемі 379 мың учаскені құраған. Оның ішінде 305 мың учаске түгелдеуден өтті. 2012 жылы жүргізілген түгелдеудің нәтижесі бойынша жеке тұрғын үй құрылысына ұсынылған жер телімдерінің ішінен 44031 пайдаланылмаған жер учаскесі анықталған. Министрдің айтуына қарағанда, өңірлік жоспар бойынша барлық жұмыс кешенін толық аяқтауға 53 өкімшілік аудан мен 6 бала және 80 ауылдық округ қамтылған. Жыл соңына дейін түгелдеу шарасы қорытындыланып, заңмен белгіленген төртіпте тиісті шаралар келесі жылы қабылданады деп күтілуде.

Үкімет отырысында қаралған екінші мәселе «Ақбұлақ» бағдарламасын іске асыру барысы туралы өрбіді. Бұл мәселеге қатысты баяндама жасаған Өңірлік даму министрі Болат Жәмішев республика бойынша әлі күнге дейін 153 ауыл тасымалданатын суды пайдаланып отырғанын мәлімдеді. Жалпы, орталықтандырылған сумен жабдықтау 45 пайызға жетіп отыр.

2-бет

ТИРЕК АУЫЛДАР

СЕКСЕУІЛГЕ СЕРПІН ӘКЕЛГЕН ЖОБА

Сексеуіл кенті Арал ауданындағы ең іргелі қоныс саналады. Облыс орталығынан шалғайдағы мекенде 11 мың халық тұрады. Бұл тұрғындарының саны жағынан шағын қаламен тең дегенді білдіреді. Кентке қарасты бірнеше елді мекен бар. Тұрғындардың басым көпшілігі теміржол саласында еңбек етеді. Бұған дейін теміржолға қараған әлеуметтік нысандар, инженерлік құрылымдар өзгерістерге байланысты кезеңнен коммуналдық меншікке қабылданады. Халыққа 3 орта мектеп, екі балабақша (оның бірі жекеменшік иелікте), мәдениет үйі, спорт мектебі, қос бірдей теміржол депосы қызмет жасайды. «Сексеуіл су сервис» МКК тіршілік нәрімен сусындатады.

Аудан басшыларымен пікірлесу барысында біраз жанаалыққа қанықтық. Ауылдына қарап азаматтың танытын ұлттық дағдымызбен елде ауызбіршілік сақталғанына көзіміз жетті. Ең бастысы, Сексеуілдің «тіректі елді мекендер» тізбесіне енуі қабырғалы қауымның



басты қуанышына айналды. Хош делік. Енді Сексеуіл кентін қандай өзгерістер, жанаалықтар күтіп тұр деген сауалды тарқатып көрейікші.

«Жұмыспен қамту — 2020» бағдарламасымен кентте республикалық бюджеттен 45 млрд. теңгені құрайтын қаржы әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға арналған ірі жобаларды қамтиды. Нақтылап айтсақ, газдандыру, №177, 87 мектепті, «Жауқазын» балабақшасын, спорт мектебін күрделі және ағымдағы жөндеу, тротуар жасау, автокөлік жолдарын жөндеу, көшелерді жарықтандыру сынды жобаларды іске асыру жоспарлануда. Тағы да қуанышты хабар. Жергілікті бюджеттен ауылдық дөрігерлік амбулатория құрылысы, ауыз су электр жүйесін жаңғырту да қолға алынбақшы.

Сексеуілде шағын кәсіпорнікті дамытуға оның ішінде ауыл шаруашылығы, халыққа қызмет көрсетуді қарқындылауға мүмкіншілік зор. Бұл бағытта 2015 жылға дейін 489 астамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ететін индустриалды-инновациялық 14 жоба

межеленген. Олардың қатарында киізден дайындалған өнімдер, жіп өндірісін дамытуға бағытталған жүн өңдеу пункті, 20 бас мүйізді ірі қараға арналған бордақылау алаңы, мал сою орны, қымыз, шұбат әзірлейтін цех, тамшылатып суғару әдісімен қызылжай салу, тәулігіне 500 литр сүт қабылдайтын пункт ұйымдастыру да көзделген енішіден.

Мұны естігенде еден ете түстік. Ауыл баласы ретінде төрт түліктің бейнесі мен рахаты маған жақсы мәлім. Малдың жайын баққан біледі. Ел ішінде «Шопан ғұмыр бойы құс ұйқылы» деген сөз бар. Мал ұстаудың оңайға соқпайтынын аңғартатын дөбіс. Кенес одағы тұсында қой жүнінің келісі алтынмен тең тұғын. Ол кезде қырқын науқаны қып-қызыл табыс көзі болатын. Жалақы көтерілді. Озат қырқытқыштарға сыйақы, тіпті қосымша айлық жазылатын еді. Ал... қазір қыруар шығын, бейнетпен келген есіл жүн тең-тең буылып, әр жерде шашылып жатады. Сонында өртеледі. Олай болмағанда ше. Қойды мезгілінде қырықпасаң, түрлі кеселге шалдығады. Қырықсаң, оны қажет ететін тірі жанды жолықтыра алмайсыз. Егер жоғарыда қозғалған жүн өңдеу пункті ашылса, жалпақ жүрттың сауабын арқалайтыны даусыз.

Халыққа қызмет көрсету саласынан 6 жоба ұсынылуда. Жеке балабақша құрылысы, қатты қалдықтарды шығару, жоюды ұйымдастыру, дәріхана, дәмхана, сүлүлік салоны, нан өнімдерін өндіру цехын жаңғырту, спорттық-сауықтыру кешені құрылысы, арнайы киім тігу цехын ашу жобасы Сексеуілді ажарландыра түсері хақ. Сондай-ақ, «Батыс Қытай — Батыс Еуропа» тас жолы, «Жезқазған — Бейнеу» теміржолының өтер тұсындағы кент тұрғындарының келешегі кемел екендігіне талас жоқ.

«Қазақстан теміржолы ҰК» АҚ Сексеуіл кентінің дамуы үшін 20 млрд. теңге инвестиция салуды жоспарлауда. Теміржолшыларға 100-ден астам қызметтік баспаналар салынады. Бірқатар жана жұмыс орындары ашылады. Бүгінгі таңда осынау күрделі құрылыстың басында көптеген жұмысшы-қызметкерлер еңбек етуде. Сексеуіл кентіне жақын маңдайдан «Бозой-Бейнеу-Шәмкент» газ құбыры, «Кент-Кияк-Құмық» мұнай құбыры, Арал, Қазалы аудандарының жұртшылығын ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырының өтуі кент халқының өсу демографиясына оң әсерін тигізуде.

Ағымдағы жылы Сексеуіл кентін газдандыру жобасының жоба-металлы құжаттарын әзірлеуге облыстық бюджеттен 33,3 млн. теңге қаржы бөлінген. Осының өзінен өңірге тартылып жатқан инвестициялардың қуатын аңғару қиынға соқпайды. Келешекте Сексеуіл кенті теміржол тасымалындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың кемелденуіне үлкен септігін тигізетін тораптық станса болады деп күтілуде.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы,
Сексеуіл кенті.

«СЫБАҒАНЫҢ» СЫЙЫ

Елбасы халыққа арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытуға, соның ішінде мал басын көбейтіп, ет экспортының әлеуетін арттыруды тапсырған болатын. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы бұл іс астық экспортына қарағанда анағұрлым тиімді әрі пайдалы екенін де атап көрсетті.

Аймақ басшысы биылғы жылғы тамыз айында облыстың мәслихаттың сессиясында сөйлеген сөзінде мал шаруашылығын дамыту барысында ірі қара етін экспортқа шығаруды дамыту бағдарламасына орай нақты жұмыстар

Елбасы халыққа арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытуға, соның ішінде мал басын көбейтіп, ет экспортының әлеуетін арттыруды тапсырған болатын. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы бұл іс астық экспортына қарағанда анағұрлым тиімді әрі пайдалы екенін де атап көрсетті.

Аймақ басшысы биылғы жылғы тамыз айында облыстың мәслихаттың сессиясында сөйлеген сөзінде мал шаруашылығын дамыту барысында ірі қара етін экспортқа шығаруды дамыту бағдарламасына орай нақты жұмыстар



тары қолға алынды. Жалпы бүгінде, «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасына орай қой, жылқы және түйе шаруашылықтарын дамыту жөнінде мастер-жоспарлар дайындала бастады. Бұл жоспарларды жүзеге асыру облыстың барлық мал шаруашылығын дамытуға жанаша сипат бермекші.

Айта кету керек, Елбасы тапсырмасына орай ҚР Үкіметі 2011 жылы «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 2011-2015 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті. Осы жоспарға сәйкес біздің облыста фермерлік шаруашылық ұйымдастыру үшін 8700 бас тауарлы сиыр мен бес мың басқа арналған екі мал бордақылау алаңын ұйымдастыру көзделген. Осы бағдарламаға сәйкес өткен екі жылда облыстың шаруашылық құрылымдары «Қазақро» ҰБХ» акционерлік қоғамы арқылы 817,6 млн. теңге несие алып, оған 4800 бас аналық сиыр мен 253 бас ет бағытындағы асыл тұқымды бұқа сатып алған. Үстіміздегі жылы

да 72 ауыл шаруашылығы құрылымы «Қазақро» ҰБХ» АҚ арқылы 461,5 млн. теңгеге 2594 бас мүйізді ірі қара малының аналығын және 142 бас асыл тұқымды ет бағытындағы бұқа алуға қол жеткізген. Бұдан өзге Жаңақорған ауданындағы «Бақытжан» шаруа қожалығы өз қаржысы есебінен ет бағытындағы асыл тұқымды қазақтың ақбас сиыры тұқымының 100 бас қашары мен 20 бұқасын сатып алып өсіруде. Ал Сырдария ауданындағы «Көктөбе» шаруа қожалығы болса, «ҚазАгроӨнім» АҚ-на еншілес «KazMeat» ЖШС-нан ет бағытындағы

да 72 ауыл шаруашылығы құрылымы «Қазақро» ҰБХ» АҚ арқылы 461,5 млн. теңгеге 2594 бас мүйізді ірі қара малының аналығын және 142 бас асыл тұқымды ет бағытындағы бұқа алуға қол жеткізген. Бұдан өзге Жаңақорған ауданындағы «Бақытжан» шаруа қожалығы өз қаржысы есебінен ет бағытындағы асыл тұқымды қазақтың ақбас сиыры тұқымының 100 бас қашары мен 20 бұқасын сатып алып өсіруде. Ал Сырдария ауданындағы «Көктөбе» шаруа қожалығы болса, «ҚазАгроӨнім» АҚ-на еншілес «KazMeat» ЖШС-нан ет бағытындағы

Сөз басында айтқанымыздай, «Сыбаға» бағдарламасына сәйкес биыл Қазалы ауданы мен Қызылорда қаласында мал бордақылау алаңдарын ұйымдастыру жұмыстары қолға алына бастады. Соның бірі Қазалы ауданындағы Мінажолдин Өтеев басқаратын «Сыр маржаны» ЖШС 500 бас мүйізді ірі қараға арналған мал бордақылау алаңын салуға 21 гектар жер телімін алған. Бүгінгі таңда серіктестік «Қазақроқаржы» АҚ арқылы жалпы құны 320 млн. теңгені құрайтын мал бордақылау кешенін салу мен 160 млн. теңгеге ірі қара малын сатып алуы межелеп отыр. Орайы келгенде айта кету керек, серіктестік мал бордақылау кешенін салуға кететін қаржының 15 пайызын өз қаржысы есебінен жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласындағы «Жирен» шаруа қожалығы 500 басқа арналған жалпы құны 139 млн. теңгені құрайтын мал бордақылау алаңының құрылысын үстіміздегі жылдың қазан айында толық бітіріп, жұмыс істей бастады. Қазір серіктестік Алматы қаласындағы «Алихан» жеке кәсіпорнымен келісім-шартқа отырып, онан мал сою алаңының құрал-жабдықтарын алып, орналастыру үстінде. Бүгінде бұл мал бордақылау алаңында 60-тан астам мүйізді ірі қара бордақылануда. Серіктестік басшысы Әділжан Ізтілеуов алдағы жылдың сәуір айында жоспардағы бар мал басы толық жинақталып, мал бордақылау алаңын толық қуатында жұмыс істеуге көшетіндігін айтады.

Сонымен, «Сыбаға» бағдарламасын жүзеге асыруда өңірмізде көңілге қонымды іріліктердің бары байқалады. Соның ішінде бүгінде облыста тек қана ет экспорты әлеуетін арттыруға ғана емес, сондай-ақ, тауарлы сиыр басын көбейтіп, олардан сүт және сүт өнімдерін молынан өндіруге де бетбұрыс жасалған. Айналып келгенде, мұның барлығы облыста алдағы уақытта мал шаруашылығын дамытуды жана деңгейге көтеріп, оның жемісін көретіндігімізді айғақтайды.

Айғалы ҚАРАБАЛАЕВ.

Экономикалық кеңістігіміз дамыған ел болдық. Экономикалық және саяси реформалар сабырлықпен, парасаттылықпен жүргізілді. Елдің жана ордасы — Астана қаласы салынды. Бұл қала қазақ елінің мақтанышына айналды. Халықаралық қауымдастық ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде осы қаланы таңдады. Бұл да біздің мемлекетіміздің үлкен жетістігі. Біздің қоғам әлемдік дамудың демократияландыру мен адам құқықтары саласындағы халықаралық стандартта-

ЕЛБАСЫ ФЕНОМЕНІ

рына жақындап келеді. Біздің еліміздегі татудық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік деңгейде эталон ретінде танылып отыр».

Тәуелсіздік жылдарындағы Елбасымыздың ерен еңбегін сөз еткенімізде алдымен сыртқы және ішкі саясаттағы сындарлы табыстарын тілге тиек етеміз. Дүние жүзіндегі беделді саяси ұйымдардың бірі — ОБСЕ-нің Астана қаласында саммитін өткізуінің өзі неге тұрады. Елбасымыз қоғамдағы қордаланып қалған өзекті мәселелерді байсалдылықпен, парасаттылықпен замана талабына сай шешіп келеді. Мемлекетіміздегі білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар Елбасының тікелей бақылауында екендігін атап өткеніміз жөн. Мысалы, мұғалімдердің біліктілігін арттыратын «Өрлеу» Біліктілік арттырудың Ұлттық орталығы мемлекеттік білім саясатының аясында өмірге келді. Казіргі кезеңде осы орталық арқылы Республикамыздың мыңдаған мектеп мұғалімдері Англияның Кембридж Университетінің оқу бағдарламасы бойынша білім берудің жана технологияларын басшылыққа алып, біліктіліктерін арттыру курстарынан өтуде. Өткен оқу жылында орталықтың облыстық филиалында 450 мұғалім біліктілігін арттырды. Биылғы оқу жылы 520 мұғалім курста оқыды. Келесі жылы 1000 мұғалімнің біліктілігін жана технология бойынша арттыру жоспарлануда.

Кемелділік феномені ел басқарған кез келген тұлғаның қолынан келе бермейді. Бұл қасиет бір адамның бойына жинақталған тұлғалық ұғымдылықты құрайтын философиялық пайым. Шынайы көшбасшы жақтастары да, қарсыластары да мойындай білетін тұлға болуы

керек. Ол тағдырының ғана ұстасы емес, өзі араласқан ортаға ықпал ететін қайталанбас жаратылыс иесі. Осы қасиеттер бойыннан табылған Елбасы ерекше болмысты, арман қуған тұлға. Арман қуатындығы кешегі күрделі кезеңдерде алдағы асуларға құлаш ұрып, батыл қимылдар жасауы. Соның бір айғағы — Ел ордасын Алматыдан Астанаға көшіріу.

АҚШ президенті Барак Обама: «Сіздің елінің егеменді, тұрақты және өркендеген мемлекет ретінде өзінің дамуында маңызды

сабырға қол жеткізді» десе, Қытай елінің көшбасшысы болған Ху Цзиньтао: «Тәуелсіздік жылдары Сіздің басылығыңызбен еңбексүйгіш ақылман Қазақстан халқы өзінің қажырлы да жасампаз еңбегімен дамудың дұрыс жолын таба білді» деп бұл ойды одан әрі ұштай түседі. Ресей Президенті В.В.Путин: «Мен Сізге алғыс білдіремін» деп өз ілтипатын білдірсе, Түркия президенті Абдулла Гүл: «Нұрсұлтан Назарбаев күллі түрік дүниесінің көшбасшысы» деп атап өткен еді. Біздің ойымызша, ең басым баға Елбасына өз халқының берген бағасы, халықтың оған деген шынайы сенімі. Президентіміздің феномендік қасиеті осы ұғымдармен ұштасып жатыр.

Елбасы — адамзат тарихын терең білетін, замана ағымын түсіне білетін тұлға. Әлемнің озық тәжірибесін Қазақстан қоғамына сай қылып, ұтымды пайдаланатын, стратегиялық бағдарламаларды дұрыс жолға қою білетін, әлем мойындаған казіргі заманның ұлы саясаткерлерінің бірі. «Бұл дүниеде біздің бір жана Отанымыз бар, ол — Тәуелсіз Қазақстан» — деген Елбасымыздың қанатты сөзінде терең астарлы ұғым бар екендігін түсінеміз.

Мақаланы ақын Ғафу Қайырбековтің:
Сынға түскен екі ұдай тұстамына,
Қарамайды ол бақытқа, бас қамына,
Лайық ол, байқасан қазақ түгіл,
Әлемді де әлемі басқаруға! — деген Елбасы туралы өлеңімен түйіндейтін келеді.

Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедрa меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор.

Жақында баспасөз клубында облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Б.Ертаев пен төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы, өртке қарсы қызмет подполковнигі **Ғ.Төрешовтің қатысуымен баспасөз мәслихаты өткізілді.**

САҚТАНСаң, САҚТАРМЫН ДЕГЕН...

Баспасөз мәслихатында жылу-энергетика кәсіпорындары және тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының 2013-2014 жылдардағы жылу беру маусымына дайындығы, төтенше жағдайлардың алдын алу, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау төнірегінде өңгіме өрбіді.

— «Қызылордажылуэлектр-орталығы» МКК-да «Отүстік қазандығын» қосқанда барлығы 43 дана жылу қазандығы бар. Осының 27 қазандығы төтенше жағдайлар департаментінің бақылауында тұр. Биылғы жылы 24 қазандықты жөндеу жоспарланса, осының 22-сі толықтай жөнделіп, сынақтан өткізілді. Сондай-ақ, қаладағы газ тапшылығы көлемін толықтыру мақсатында қаланың газ құбырлары желілерін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралығы газ құбырының екі нүктесіне жалғау жұмыстары жоспарға енгізіліп отыр, — дейді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Б.Ертаев.

Ал, мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы **Ғ.Төрешовтің** айтуынша, биылғы жылдың өткен 10 айында облыс аумағында 390 өрт оқиғасы тіркеліп, 14 адам ауыр жаракат алған. Бір өкініштісі, оқиғалардың басым бөлігі жеке тұрғын үйлерде орын алған. Оған электр жабдықтарын, қондырғыларын, желілерін пайдаланудағы саалақтық, балалардың отпен ойнауы себеп болған.

Өрттің алдын алу бағытында 1548 нысанға техникалық тексерулер жүргізілген. Нәтижесінде, 912 өкімішілік құқық бұзушылық істер қаралып, 47-сіне ескерту шарасы жасалса, 865 жеке және заңды тұлғаларға 10 млн. 938 мың теңгеден астам айыппұл салынған.

Баспасөз мәслихаты барысында төтенше жағдай мен тілсіз жау оқиғаларының алдын алу үшін аймақтың барша тұрғындарына қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігі, сондай-ақ балаларды бақылаусыз қалдырмау жөнінде баса айтылды.

Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.

Осы аптаның сейсенбі және сәрсенбі күндерінде Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада «Интернет кеңістігін тиімді пайдаланудың негізгі әдістері мен тәсілдері» тақырыбында семинар өткізілді. Оны облыстық ішкі саясат басқармасы ұйымдастырды. Аталмыш шараға жергілікті басқармалар мамандары және аймаққа белгілі блогерлер қатысты.

Интернетті тиімді пайдалану әдістері

Семинарға қатысушылар алдында «Абай кз» ақпараттық порталының үйлестірушісі Айдоc Сарым мен «Матрица кз» сайтының үйлестірушісі Серік Мәмбетов бірқатар тақырыптар бойынша өңгіме қозғады. А.Сарым блогер деген кім және оның негізгі қызметі қандай, әлеуметтік желілерді пайдалану әдістері, қазақ тілді ресурстардың дамуы және қазақ блогерлерінің сипаттамасы жайында тілге тиек етті. Сондай-ақ, ол облыс имиджін жағарылатудағы блогерлік өнердің, интернет кеңістігіндегі шетелдік және отандық сайттардың ерекшелігі, интернет қолданушының ғаламторды пайдаланудағы ережесі жайында сөз етті. Келесі кезекте С.Мәмбетов казіргі заманғы блогерлерді қалыптастырудағы алғышарттар, Қазақстанда әлеуметтік желілердің дамуының жалпы сипаттамасы, интернет кеңістігіндегі блогерлердің орны, ондағы виртуалды өмірдің адам санасына әсері тақырыбын да қозғайды.

Жаһандық желі бүгінгі таңда елімізде маңызды мәнге ие бола бастады. Сондықтан бұл бағытта нақты жұмыстарды атқару міндеті тұр. Алматыдан арнайы келген азаматтар сол тұрғыда өз пікірлерін білдіріп өтті.

Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

● ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ЖЕРАСТЫ СУЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ МОЛ

Облыстық тұтынушылар құқығын қорғау қоғамының мәжіліс залында Қазақстан Коммунистік халық партиясы облыстық комитетінің ұйымдастыруымен «Ақбұлақ» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуының жана индикаторлары» тақырыбында қоғамдық тыңдау өткізілді. Оған ҚР Мәжіліс депутаты Галина Баймаханова, саяси партиялар мен мемлекеттік органдардың және мемлекеттік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Қоғамдық тыңдауды ашқан ҚКХП Қызылорда обкомының бірінші хатшысы Талғат Телеубаев халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқталды. Осы арайда Үкімет 2011-2020 жылдарға арналған «Ақбұлақ» салалық бағдарламасын жүзеге асыруда. Бұл жолда бүгінгі күнге дейін қандай жетістіктері жеттік? Әрі алдағы уақытта нендей тірілтер қолға алынуы тиіс? Партия жетекшісі қоғамдық тыңдауда осындай мәселелердің шығарылып отырғанын жеткізді.

Өз кезегінде ҚР Мәжіліс депутаты Галина Баймаханова тұтынушыны тәза әрі сапалы сумен қамтамасыз ететін «Ақбұлақ» бағдарламасының маңызды да, мәні де бөлек екенін атап өтті. Оның пікірінше бүгінде тұтынушыға беріліп жүрген судың 80 пайызға жуығының сапасы төмен. Ал ондай жерлерде экологиялық талаптар сақтала бермейді. Негізгі халықты сапалы ауыз сумен толықтандыру түрде қамтамасыз етеміз десек, онда жерасты суын пайдалану керек. Депутат осы арайда Ауыл шаруашылығы министрілігіне жерасты суын пайдалануды бағдарламасын қабылдау керек деген ұсыныспен де шыққан. Жалпы дамыған Еуропа елдерінің басым бөлігі осы жерасты суын пайдалануда. Сондықтан да оларда аамдардың аурушандыққа ұшырамауы мен экологиялық ахуалдың бұзылуына жол беріле бермейді.

Мұнан кейін сөз алған облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының сумен жабдықтау және су бұру бөлімінің бастығы Ерлан Жоламанов бүгінде облыста 259 елді мекеннің 69 пайызы орталықтандырылған ауыз суды пайдалануы отырғанын жеткізді. Биыл «Ақбұлақ» бағдарламасына орай, халықты тәза ауыз сумен қамтамасыз етуге қомақты қаржы бөлінді. Соның ішінде Арал ауданындағы ашық және тасымал ауыз суын пайдаланушы сегіз елді мекенді Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырына қосу жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыс биыл аяқталды. Мұнан басқа биыл ауылдық жерлерде басталған 18 жобаның 16-сы пайдалануға берілді. Негізгі бағдарламаға орай облыста кешенді жұмыстар қолға алынып, жүзеге асырылуда.

Жалпы қоғамдық тыңдауға қатысушылар елді мекендері сумен жабдықтау мен су бұру жүйесін тиімді пайдалануды, сондай-ақ, жерасты суларының әлеуетін арттыру мен рентабельді тарифтер белгілеу және су ысырабына жол бермеу секіллі маңызды мәселелер жөніндегі өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Айгүлі ҚАРАБАЛАЕВ.

«АҚБҰЛАҚ» АУЫЛДЫҢ АЖАРЫН АШАДЫ

— Бүгінгі таңда ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтауды және су бұруды талдауда жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүйелі тәсілдің жоқтығын көрсетіп отыр. Сонымен бірге, өкімдіктерде сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне қолжетімділік бойынша дұрыс ақпарат, нақты есеп жоқ екенін атап айту керек. Бағдарламаның орталықтандырылған сумен жабдықтау және бұру жөніндегі жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін ауылдық елді мекендерге жыл сайын 329 жана құрылыс жобасын, ал су бұру бойынша 137 жана құрылыс жобасын іске асыру қажет. Алайда, өңірлер 2014 жылға барлығы 89 жана құрылыс жобасын ұсынды. Соның ішінде 68 жобаға қолдау көрсетілді. Мысалы, жыл сайын 44 жобаны іске асыру қажет болса, Павлодар облысы келер жылға бірде-бір жана құрылыс жобасын өтінім берген жоқ. Өзге облыстарда да осындай жағдай қалыптасып отыр, — дей келе министр мәселенің нақты үш себебіне тоқталды. «Біріншіден, жерасты су қорларын тапқа бағалау, барлау және растау жөніндегі кестеден артта қалу, екіншіден, топтық магистралдық су құбырларын салу және қайта жаңғырту мерзімдерінің узакқа созылуы және жергілікті атқарушы органдар тарапынан жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қаржылық қаражатты жеткіліксіз бөлу»,—деп атап өтті.

Баяндамашының сөзінен кейін «Ақбұлақ» бағдарламасының аймақтарда жүзеге асырылуына көңілі толмайтынын білдірген Үкімет басшысы, алдағы уақыттарда елімізде су бағасының рет-

● ӨНЕР

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ СҰЛТАНЫ

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрда ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлығының иегері, кинорежиссер Сұлтан-Ахмет Қожықовтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Қазақ киносының Сұлтаны» атты кеш болып өтті.

Қазақ кино өнерінің тарихында алтын әріптермен жазылған, өткеніміздің өмірішен құндылығын көкірегімізде сарнатып, көз алдымызда ойнатқан «Қыз Жібек» фильмінің режиссері Сұлтан Қожыков көзі тірі болғанда был 90 жасқа толар еді. Қазақ даласының дархан философиясын бойына өрген көркем туындыны кино тілінде сөйлеткен режиссер Сұлтан Қоңырқожаұлы 1923 жылы дүниеге келген. Сұм соғыста желкілдеген жас замандастарымен бірге майданға аттанды. Өңгілі Панфилов дивизиясының 8-гвардия құрамында қан кешіп, от төсеніп Мәскеуден Балтық теңізіне дейін жеткен. Қатардағы жауынгерліктен гвардия капитанына дейін өсті. Соғыстан сон Бүкіл-кеңестік мемлекеттік кинематография институтының режиссура бөлімін бітірді. Еңбек жолын Алматыда көркем және хроникалық фильмдер киностудиясында бастайды. Суреткер: «Ана мен бала», «Біз Жетісуданбыз»,

«Если бы каждый из нас», «Жартастағы шынар», «Панфиловшылар», «Знай наших» фильмдерін түсірді. Ал, ұлттық кино өнерінің алтын қорына енген «Қыз Жібегі» канша жылдар өтсе де халықтың ыстық ілтипаты мен махаббатына еш сунған емес.

Қазақ киносының жауһарына айналған «Қыз Жібек» фильмінің режиссері Сұлтан Қожыковтың 90 жылдық мерейтойына арналған кешке отандық кино өнерінің қайраткерлері Құман Тастанбеков, Меруерт Өтекешеева, Тұңғышбай Жаманқұлов, белгілі режиссер Болат Атабаев және тағы басқа да майталмандар қатысып, естеліктер айтты. Кеште Сұлтан Қожыков туралы деректі фильм көпшілік назарына ұсынылды.

Өнер кешіне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, тұғырлы тұлға туралы жылы лөбізін білдірді.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.



● АГРОӨНЕРКӨСІП

ҚАЛАНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІ ҚАНДАЙ?

Жуырда облыстық ауыл-шаруашылық басқармасы БАҚ өкілдеріне ауыл шаруашылығы саласы бойынша бірнеше нысанға пресс-тур ұйымдастырды. Пресс-тур барысында журналистер «Қаржылай қолдау қоры» АҚ қатысуымен салынған жылжымай құрылысы, «Абзал и К» толық серіктестігі мен «Шегірілті сүт фермасы» шаруа қожалығының жұмысымен таныстырды.

Ағарлы аймақ Қызылорда облысында көкөніс құны қымбат. Өйткені, өңірде жылжымай шаруашылығында дамуы бәсен. Ал сырттан тасымалданып өнім бағасы шарықтап тұр. Осыған орай «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қызылорда қаласында жалпы көлемі 5,5 га құрайтын 120 жылжыай салу жобасын жүзеге асыруда.

Облыс бойынша казіргі уақытта жалпы көлемі 2,9 га құрайтын 50 жылжыай жұмыс істеп тұр. Олардан орта есеппен жылына 200 тонна

(қияр, қызанақ) өнім жиналады. «Қаржылай қолдау қоры» АҚ тарапынан берілетін 120 жылжыай толықтай іске асқан кезде қала тұрғындарын арзан қияр-қызанақпен қамтамасыз ететін болады. Осы жылжыайларда өндірілген көкөніс өнімдері облыстың сауда нүктелерінің 65 пайызын құрайды деп жоспарланып отыр.

Тұрғындарды жыл бойы көкөніс өнімдерімен қамтамасыз етуде және маусымаралық жетіспеушілігін бол-тырмауға жылжыай кешендерінің маңызы зор. Казіргі кезде Қызылорда қаласында әрқайсысы 340 шаршы метр болатын 50 жылжыай көкөніс өсірушілерге лизингке берілді. Шаруарлар ташымалып суару арқылы қазаннан бастап қызанақ пен қияр өсіріп жатыр.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ ҚОФ директоры Мәди Ибадуллаевтың айтуы бойынша жылжыай кешені салынып болғаннан кейін лизингке 9 жылға 6 пайыздық мөлшерлемен беріледі.

ҚЫЗМЕТІН АСЫРА ПАЙДАЛАНҒАНДАР

Қызметімен қоштасатын түрі бар

Облыстық төртіптік кеңестің онының отырысында үш мәселе қаралды.

Алғашқы мәселе бойынша кеңес хатшылығының меңгерушісі Нұрлан Әбдікәрімов бірқатар мемлекеттік органдардағы төртіптік комиссиялар жұмыстарында орын алған кемшіліктерді тілге тиек етті. Оған Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданы өкімдерінің аппарат жетекшілері А.Есжанов пен К.Бержанов, облыстық сот актілерін орындау департаментінің басшысы Д.Жанзақов түсінік берді. Бірақ, соңғы шенеунік мемлекеттік тілге пысықрайтын байқатты.

Төртіптік кеңес жоғарыдағы құзырлы орындар басшыларына орын алған кемшіліктерді болдырмау, комиссиялар жұмысын жандандыру, нормативтік құқықтық актіге сәйкес құрылып жатқан біріняғы төртіптік комиссияларға білікті мамандар алу, олардың өз қызметін заң талаптарын қатан сақтап жүргізу, төртіптік кеңеспен тығыз байланыс жасап, оның құзырына жататын материалдарды уақытылы қарауға беріп отыруды міндеттеді. Сондай-ақ, кеңес ережесіне сәйкес мемлекеттік органдардағы төртіптік комиссиялар жұмыстарын үйлестіру және талдау жасау, берілген ұсыныстардың қаншалықты орындалып жатқанын анықтау, төртіптік комиссияларға қатысты шағымдарға тексеру жүргізу, заңбұзушылықтар орын алған жағдайда материалдарды төртіптік кеңес қарауына беру ұсынылды.

Күн төртіпіндегі екінші мәселеде Сырдария ауданы өкімінің орынбасары С.Нұртазаевтың төртіптік ісі қаралды. Орталық аймақ бойынша ауданаралық қаржы полициясы бөлімі лауазымыды тұлғаға қатысты іесі бүркемеленген арыз негізінде тексеру жүргізіп, төмендегі жағдайды анықтаған. Аталған арызда басқа да деректермен қатар, мектептен шыққан ескі заттарды аудан өкімінің орынбасары үйіне тасып алып жатқаны айтылып, тиісті шара көру сұралыпты.

Биылғы мамыр айында Теренөзек кентіндегі №35 мектеп-лицейді күрделі жөндеуден өткізу үшін облыстық бюджеттен 164 млн. 304 мың теңге қаражат бөлінген. Осыған орай маусым айында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік сатып алу» заңына сәйкес ашық конкурс өткізілген. Алайда, конкурс өтпеді деп танылып, бір көзден сатып алу тәсілімен «Тана БМ» ЖШС-мен 12 шілдеде 83 млн. 635 мың, 25 шілдеде электрондық сатып алу қорытындысымен 42 млн. 63 мың, ал 29-шы шілдеде «Акинет-2004» ЖШС-мен 28 млн.

942 мың теңгеге келісім-шарт түзілген.

Жөндеу жұмыстары басталысымен ғимараттың ескі едені мен есіктері және жылу батареялары төңірімінен шығарылмаса да тара-тылып кете барған. Дерекке жүгінесек, аудан өкімінің орынбасары С.Нұртазаев кент тұрғыны Б.Санысзбаевтың бұзылған еден ағашта-ры мен жылу жүйесінің заттарын алуға көмек сұраған арызын «тіркеп, көмек беруге» деген бұрыштамамен мектеп-лицей директоры Б.Сағындықоваға тікелей орындауға берген. Сондай-ақ, өзіне де жылу батареялары қажет болып тұрғандығын директорға ескертіп, мектептің «Газель» көлігімен он дана батареяны үйіне алып кеткен.

Бұл оқиға өкім орынбасары С.Нұртазаев-тың өз түсінігімен, қаржы полициясы аға инспекторының хаттамаларымен, лицей ди-ректоры Б.Сағындықованың, шаруашылық меңгерушісі С.Сүлейменовтің, лицей қыз-меткері Н.Шәмішевтің, мұғалім Н.Мұса-бековтің, өкім орынбасарының туған балдызы, Ақжарма ауылының тұрғыны С.Тлеубасевтың түсініктерімен бекітілген.

Бұл мәселені талқылай келе, Төртіптік кеңес аудан өкімі Ғ.Қазантаевқа ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 12-бабы 1-бөлігінің 2-тармағы талаптарының бұзылуына жол берген орынбасары С.Нұртазаевты қызметінен босатуды ұсынды.

Соңғы мәселе бойынша Қызылорда қала-лық ішкі істер басқармасы «Ақсай» полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ә.Қай-назардың төртіптік ісі қаралды. Облыстық қаржы полициясының биылғы 9 тамызда облыстық ішкі істер департаментіне жолдаған ұйғарымында Ә.Қайназардың төртіптік жауапкершілігін шешу сұралған екен. Ұйғарымда көрсетілгеніндей, қаржы полиция-сына 11 маусымда облыстық прокуратурадан Ә.Қайназарға қатысты жинақталған құжаттар келіп түскен. Онда ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыс және Байқоңыр қаласы бойынша департаменті жүргізген арнайы желел-іздістру шаралары (ұялы телефондағы өңгімелердің аудиожазбалары, стенограмма) нәтижесінде облыстық ішкі істер департаменті өзіндік қауіпсіздік басқармасының басшысы Ә.Қайназар қызмет бабын асыра пайдалана отырып, өзінің және туыстарының үстінен іесі бүркемеленген арыздағы деректер дәлелін таппауы жолдары қарастырылғаны айтылған. Ол осылайша Жанакорған аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері Асқар Жәуенов пен

ретімен көтерілетінін жеткізді. «Бұл, әрине, Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің қатан бақылауымен жүзеге асырылуы тиіс. Осылайша біз ауыз су мәселесінің шешілу жолдарын жетілдіретін боламыз. Ал, тарифті жоғарылату бізге екінші деңгейлі банктерден аталған саланың дамуына инвестиция тартуға мол мүмкіндік береді»,—деді Серік Ахметов.

Үкімет отырысында Костанай облысының өкімі Н.Сәдуақасов пен Атырау облысының өкімі Қосман Айтмұхамбетовтың жұмыстары тыңдалды.

Мәжілісте сөз алған облыс өкімі Қырымбек Көшербаев өмір халықын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстардан қысқаша хабардар етті. Республикалық бюджет қаражаты есебінен жоспарланған инвестициялық жобалар тізіміне 13 жобаның енгізілгенін айтты. Жалпы, жобалар болғанымен, оны жүзеге асыру үшін қаржының жетіспеуі қобайлау болып отырғанын жеткізді. Бұл ретте Үкіметтің ықпал етуін сұрады. Сонымен қатар, елді мекендерді кезең-кезеңімен сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудегі жұмыстар жалғасын табатынын айтты.

Мәжіліс сонында Премьер-министр тиісті ведомство басшыларына атқарушы билік өкілдерін орынсыз анда-мұнда сілтеп, «опища домалатуды» доғару керектігін ескерте келе, қаралған мәселелер бойынша тапсырмалар берді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

Қызметке конкурс

Әйтеке би кенті әкімдігі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналастуға конкурс жариялайды.

«Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі – барлығы 2 бос лауазым.

1. Әйтеке би кенті әкімінің орынбасары (санаты E-G-1, индекс №01-2).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты әкімшілік мемлекеттік қызметкердің лауазымдық жалақысы 115954 теңгеден 173931 теңгеге дейін (экологиялық коэффицентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен жоғарғы органдардың, облыс және аудан, кент әкімінің өкім шешімдерін, қаулыларының орындалуын жүзеге асыру. Экономиканы басқару, қаржы және ішкі саясат, бюджетке салықтар мен төлемдердің толық және дер кезінде түсуін қамтамасыз ету, инвестициялық саясат, атқарушы органдардың өкілді органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, азаматтық қоғам институттармен, қоғамдық және діни ұйымдармен, саяси партиялармен өзара іс-арекетте болу. Денсаулық сақтау, білім және ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыста болу, халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың өлжуіз топтарына әлеуметтік көмектер көрсетуді ұйымдастыру, гендерлік, жастар саясатын жүргізу, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп, мемлекеттік тәртіп, сайлауалды дайындық жұмыстарын үйлестіру, сайлауды өткізуді ұйымдастыру, азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру. Кент аумағында орналасқан сот, төтенше, құқық қорғау органдарымен, әскери басқару және әскери құрылымдармен іс-қимылда болу, нашаркорлық, сыйбйлас жемқорлықпен күрес саласындағы бағдарламалық құжаттарды іске асыру, лакестік пен экстремистік көріністердің алдын алу және кесу және осыларға байланысты құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру. Өңірлік әлеуметтік-экономикалық даму серпінін рейтингтік бағалауы бойынша жұмыстарды үйлестіру. Жергілікті салықтардың жиналуын қамтамасыз ету. Салық көздерін ұлғайту жөнінде ұсыныстар беру. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында аудандағы дербес бөлімдермен, өзге де мемлекеттік органдармен, ұйымдармен іс-арекетте болу. Коммуналдық меншікті басқару, үдемелі-индустриалдық-инновациялық дамыту, тарифтік саясат, сауда қызметін реттеу, кенттік әлеуметтік-инфрақұрылымның дамытуға бағытталған қорлар мен өзара іс-арекетте болу. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, өткізілетін түрлі сатып алу конкурстарын өткізуді ұйымдастыру, комиссиясы отырыстарына жетекшілік жасау, құрылыс аяқталған әлеуметтік нысандарды мемлекеттік қабылдаудан өткізуді ұйымдастыру, экономикалық және қаржы жоспарларының, әлеуметтік жобалардың сапалы жасалуын үйлестіру. Кентті әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында жоспарлар әзірлеу, статистикалық есептемелердің жүргізілуін, шағын кәсіпкерлік саласын дамытуды үйлестіру.

Кент көлемінде мемлекеттік деңгейдегі халықтың өл-ауқатын жақсартуға бағытталған барлық бағдарламалардың іске асырылуын ұйымдастыру. Азаматтардан келіп түскен өтініш хаттармен, арыз-шағымдармен жұмыс жасау, облыс және аудан әкімдігі мәжілісінің хаттамалық тапсырмаларын орындау. Аппарат қызметкерлері мен ішкі жұмысшы, қызметшілердің еңбек тәртібін сақтауды қадағалау, кадр мәселелеріне байланысты ұсыныстар беру. Жұмысты тиімді және нәтижелі ұйымдастыра білу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Жоғары экономикалық, техникалық, заңгерлік немесе гуманитарлық білімі.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптарының біріне сәйкес болуы тиіс:

1) Мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) Осы санаттағы нақты ауымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;

3) Жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

2. «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің есеп және шаруашылық бөлімінің жетекші маманы (санаты E-G-4, индекс, №04-3)

Қызмет атқарған жылдарына байланысты әкімшілік мемлекеттік қызметкердің лауазымдық жалақысы 48047 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффицентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Қазақстан Республикасы Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Үкімет қаулыларын, облыс, аудан, кент әкімдерінің өкім, шешімдерінің, облыс және аудан әкімдіктері қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету. Кентті аяқ сумен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру, көшелерге тұрақты аяқ су беруді ұйымдастыру. Көшелердің үздіксіз аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында ұсыныстар әзірлеу. Су насостарының жағдайын қадағалау, жаңадан су насостарын алуға ұсыныстар беру, қаржы бөлуге жұмыстар жасау. Тұрғындардың бау-бақша, үй іргелі егістік жерлерін суландыру мәселелерін ұйымдастыру. Көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарының жоспарларын әзірлеу, тиісті жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастыру. Кентті көркейту-көгалдандыру бағытында мемекме, кәсіпорындармен, жеке кәсіпкерлік субъектілерімен өзара қарым-қатынаста болу. Кент сыртындағы мал жайылымдарын уақытылы суландыруды ұйымдастыру. Кенттегі және ішкі су арықтарының жағдайын қадағалау. Су каналдарының уақытылы тазартылуын, топаралдың жағдайын зерттеп ұсыныстар беру. Қатыстылығына қарай облыс, аудан әкімдерінің мәжілістік хаттамалық тапсырмаларын уақытылы орындау, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету. Азаматтардың арыз-шағымдарын, өтініш хаттарын қарап уақытылы жауап беру. Жұмысты тиімді және нәтижелі ұйымдастыру.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Жоғары немесе ортадан кейінгі техникалық (инженер-гидротехник) білімі не орта техникалық немесе кәсіптік білімі.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымың мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

Конкурсқа ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суреттен қоса өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың кадр қызметі куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінәздемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Азаматтар аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға өңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттарды қарау қорытындысы бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күн ішінде мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігін қарады.

Өңгімелесуге жіберілген кандидаттар және рұқсат алмаған конкурс қатысушылары конкурс комиссия шешімі қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде өңгімелесу өткізу күні туралы хабарландырылады.

Өңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде **120400, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі №5 үй, «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде** өтеді.

Конкурслық комиссияның қорытынды мәжілісі өңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі. Конкурс комиссиясы өңгімелесуден өткен кандидаттарға конкурс нәтижесі туралы, оның аяқталғанынан кейін бес жұмыс күн ішінде хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні аралығында **120400, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі №5 үй, «Әйтеке би кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 1 қабат, 111 бөлмеде** қабылданады. **Анықтама телефондары: 8 (72438) 22-1-53, 24-6-44 email: kент_altecebi@mail.ru**

Азаматтар конкурсқа қатысушылардың (өңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Әйтеке би кенті әкімінің аппараты.

ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗЕДІ

Облыстық дін істері басқармасы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 үй, 4 қабат, 36 бөлмеде жеке қабылдау кестесі бойынша сәрсенбі, жұма күндері сағат 16.00-18.00-де қабылдайды және 26-33-24 нөмірі бойынша сенім телефоны жұмыс істейді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2013 жылғы 12 қарашадағы «Сыр бойының» №169 нөмірінде «Қызылорда облысы әкімі аппаратының бас инспекторы – Қызылорда облысы әкімінің баспасөз хатшысы» бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялауда жіберілген техникалық категе байланысты, біліктілік талаптары келесі редакцияда жазылсын: «Жоғары филологиялық, немесе журналистикалық, немесе педагогикалық, немесе жергілікті мемлекеттік басқару білімі».

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мерзімнен бастап 10 (он) жұмыс күн аралығында Қызылорда қаласы, Жақас көшесі, 76 үй, №314 бөлмеде қабылданады. Анықтама телефондары 8(7242) 26-10-84.

«Сыр бойы» және «Қызылординские вести» басылымдарына жарнама орналастырғыңыз келсе, 23-80-38, 23-78-50 телефондары арқылы байланысуға болады.

E-mail:

smjarnama@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР



ҚАЗТЕЛЕРАДИО

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР

ЖЕРСЕРІКТІК ТЕЛЕВИДЕНИЕ
СПУТНИКОВОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ



КӨНІЛ КҮЙДІ ЖЕТКІЗЕМІЗ!
ПЕРЕДАЁМ НАСТРОЕНИЕ!

100 АСА ТЕЛЕ-, РАДИОАРНАЛАР
ЦИФРЛЫҚ САПАДА
45 АРНА ТЕГІН

БОЛЕЕ 100 ТЕЛЕРАДИОКАНАЛОВ
В ЦИФРОВОМ КАЧЕСТВЕ
45 КАНАЛОВ БЕСПЛАТНО

DVB S2

call-center: 193,
+7 (727) 258 15 00

e-mail: abonent@otautv.kz
www.otautv.kz

Қызметке конкурс

«Қазалық аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

«Қазалық аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы /Е-Р-4/ (барлығы 1 бос орын).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты әкімшілік лауазымдық жалақысы 115954 теңгеден 173931 теңгеге дейін (экологиялық коэффицентті есепке алмағанда).

Функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет қаулыларының, облыс және аудандық әкімшілік қаулыларының және атқарып отырған саласы бойынша қабылданған Қазақстан Республикасының Заң актілерінің орындалуын бақылау. Аудан көлемінде жолаушылар тасымалы мен автомобиль жолдары салдына мемлекеттік саясатын жүзеге асыру. Белгіленген тәртіпте аудандық маңыздағы автомобиль жолдарын салу, жөндеу жұмыстарына және жобалық құжаттарын әзірлеуге мемлекеттік сатып алуы бойынша конкурстар өткізуді ұйымдастыру. Аудан көлемінде аудандық маңыздағы автомобиль жолдарын салу, жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілуіне бақылау, қадағалау жүргізу. Жөндеу жұмыстары аяқталған автомобиль жолдарын пайдалануға беру, мемлекеттік қабылдау жұмыстарын ұйымдастыру. Автомобиль жолдарын (салу, қайта жанырту, кенейту, күрделі және т.б. жөндеу) және жолаушылар көлігінде тасымалдауы ұйымдастыру саласына мониторинг жүргізу және жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар дайындау, даму бағдарламаларын әзірлеу. Жолаушылар көлігінде тасымалдауы ұйымдастыру және автомобиль көлігінде жолаушылар мен бағажы тасымалдау талаптарының сақталуына бақылау жүргізу. Жұмысты тиімді және нәтижелі ұйымдастыра білу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:

– Білімі жоғары техникалық (құрылысшы, инженер-құрылысшы, инженер-механик, транспорт, транспорттық құрылыс, гидротехник) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конститу-

циялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымының мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

– Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерінің орындалуы үшін қажетті басқа да білімдер.

Конкурсқа ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суреттен қоса өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты

21 қараша
бейсенбі, 2013 жыл

ТАҢДАУ ЖАСА ӨЗ ҮЙІҢДІ ЖАРҚЫРАТ!

«Astana Solar» ЖШС фотоэлектрлі модульдер зауыты 100 пайыз қазақстандық кремний негізінде жасалған күн батареяларын шығарады. Өндірілетін қуат кепілдігі – 25 жыл. Өнім IEC61215 / IEC61730-1 / IEC61730-2 халықаралық стандарттарының нормаларына сәйкес келеді.

«Astana Solar» келесі қызметтерді ұсынады:

- ❖ Өндіру және сату
- ❖ Жабдықты жобалау, құрастыру және орнату
- ❖ Түрлі қуаттағы күн электр станцияларын толығымен дайындау
- ❖ Жаңа өнімдерді жасап шығару
- ❖ Сервистік және кепілдік қызметтер
- ❖ Кеңестер

Шағын және орта бизнес өкілдерін қызметтес болуға шақырамыз

ASTANASOLAR

010000, Қазақстан Республикасы,
Астана қ., Тұран даңғылы
info@astanasolar.kz

тел.: +7 (7172) 55 14 51, 55 14 00
моб.: +7 (701) 765 58 36
факс: +7 (7172) 55 13 93

www.astanasolar.kz

ПІКІР БІЛДІРІНІЗДЕР

Сот беделін көтеру, олардың жұмысындағы жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында, Қызылорда облыстық соты судьялыққа үміткерлердің іскерлік,

кәсіби, моральдық тұлғалық қасиеттерін неғұрлым терең зерттеп білу мақсатында тұрғындар назарына төмендегі мағлұматты ұсынады.

№	Аты-жөні	Жұмыс орны, қызметі
1	Алибекова Ләура Махамбетовна	Қызылорда облыстық соты кеңесінің бас маманы
2	Алдамбергенов Руслан Темірханұлы	Қызылорда қалалық сотының кеңес мөңгерушісі
3	Ахметова Эльмира Төреханқызы	Қызылорда облыстық сот актілерін орындау департаментінің бөлім басшысы
4	Бержанов Қайратбек Махамбетович	Сырдария ауданы әкімдігінің аппарат басшысы
5	Дәумабаев Айрхан Муханович	Қызылор

«ЖЕҢІЛ» КРЕДИТІ

АРТЫҚ ТӨЛЕМ АЙЫНА 1% ДЕЙІН*

БҰЛ ТЕҚ СІЗГЕ ЛАЙЫҚТЫ

2424

УЛЫ ТЕЛЕФОННЫҢ ҚОҢЫРАУ ШАҒУ ТЕГІН

23 11 84

26 33 67

АТФ Банк

* Клиент өзінің стандартты шарттарына қатысты банк талаптарын орындағанда, қарыз сомасынан Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 28.12.2007 жылы берген Банктік және басқа операцияларды жүргізуге және бағалы қималар нарығында қызметін жүзеге асыруға арналған №239 лицензия

● АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ

ҚАЗАҚШАСЫ
КЕЛІСТІ ЖАСТАР

Өткен аптаның жұма күні облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Тіл – халық жанын танудың кілті» атты облыстық байқау болып өтті. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді жоғары деңгейде меңгерген орыс жастарын анықтау және оларды ынталандыру, ҚР мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстан Тәуелсіздігінің нышаны ретіндегі мемлекеттік тілге деген құрметті қалыптастыру және қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мен оның беделін арттыру. Байқауға 14-22 жас аралығындағы Қызылорда қаласы мен аудандарда өткен байқаулардың жеңімпаздары қатысты.

— Аймақта жетінші рет өткізіліп отырған тіл байқауының өзіндік ерекшелігі бар,— делі облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ержан Уәйіс өз сөзінде. — Бұл жолы тек орыс ұлты жастарының мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесі тексеріледі. Елбасының өзі Қазақстанның болашағы қазақ тілінде екендігін баса айтқан болатын-ды. Ең бастысы, ана тілімізге деген құрмет, оның елдегі барлық салада көң қолданылуына кол жеткізу болып табылады.

Әлем тілдері арасында қолданылу барысы бойынша жетпісінші орын алатын, ал сөздік қорының молдығы мен көркемдігі жағынан алғашқы ондыққа кіретін қазақ тілінің өз туған жерінде өгей баланың күйін кешіп келгені, әлі де мемлекеттік тіл ретінде толыққанды қолданылып кетпегені аян. Дегенмен де, мемлекеттік тілге деген қызығушылық, оны үйренуге деген құлшыныс өзге ұлт өкілдерінің арасында өріс алып келеді. Соның бір айғағы орыс жастарының арасында өткен тіл байқаулары.

Облыстық байқауға қатысқан 10 жастың бірі қолжазба студенті болса, енді бірі мектеп оқушысы. Талапкерлер үш номинация бойынша сынға түсті. Алғашқысында қатысушылар берілген тапсырмаларға сәйкес сауалнама толтырып, қазақ тілінің лексикасы мен грамматикасын білуге 50 тест тапсырмасын орындады. Ұсынылған үш тақырыптың біреуіне ессе жазды, белгіленген тақырып бойынша монолог құрып, әділқазылар алқасының ауызша сұрақтарына жауап берді, түрлі жанрдағы мәтінді мөнерлеп оқыды. Талапкерлердің білімін КМУ-дың оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жәніс Сәдуақасұлы бастаған қазылар алқасы сараптады. Олар үміткерлердің білімі мен сауаттылығына, тіл байлығы мен сөйлеу мәдениетіне, мөнерлеп оқуы мен өзін-өзі ұстауына баса назар аударды.

Байқаудың қорытындысы бойынша Жаңақорған ауданындағы №169 орта мектептің 9 сынып оқушысы Анастасия Балясникова жүлдегер танылды. Сырдария ауданындағы Ө.Төжібаев атындағы №36 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы Надежда Шадрина – II, Қазалы аграрлық-техникалық колледжінің 3-курс студенті Дмитрий Барков III орынды иеленді. Ал сырдариялық Анара Достықченко, қызылордалық Элянора Якубова, шиеңлікті Светлана Исаева ынталандыру сыйлығына ие болды. Жеңімпаздарға облыстық тілдерді дамыту басқармасының дипломы мен бағалы сыйлықтары табыс етілді.

Облыстық байқаудың жеңімпазы А.Балясникова 6-желтоқсанда Алматы қаласында өтетін республикалық байқауға қатысып, аймақтың намысын қорғайтын болады.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

● ОЙТОЛҒАУ

Қазір Қызылордада тұрамын. Үйім мен қызмет орным қаланың Орталық алаңына жақын болғандықтан көпшілік демалатын орын болған бұрынғы «Еңбек аллеясы» маңында серуендеп жиі жүремін. Студент жастар, әсіресе қыздарымыз, қарсы не кесе-көлденең келіп қалғаныңда 2-3 метрдей жерден кідіріп, бізді өткізіп барып жүрісін жалғастырады. Ізеттілігіне риза болып, «бақытты бол, айналайын», «көп жас кезімізде үлкендердің бізге берген батасын енді өзіміз беріп, жастарымыздың қылығына марқайып қаламыз.

ЖАСТАР БОЙЫНДАҒЫ
ЖАТ ҚЫЛЫҚТАРҒА ТОҚТАУ САЛАЙЫҚ

Бірақ тәрбиелі жастарымызбен бірге мәдениеттен ауылы алыс қыз-жігіттеріміз де баршылық екен. Бір мәрте емес, күнде көрген келесіз көріністер, оған қоса БАҚ-тардан естіп, көріп жүргендерім мен статистикалық мәліметтер осы мақаланы жазуға жетеледі. Сол манайдағы орындықтарда демалып отырған, жүрген жастар көп кездеседі. Топтасып бара жатқан жастардың қасынан өткенінде арасында қыздар бар екеніне қарамастан, былайып сөзді жиі қолданатынына, қыз бен жігіттің екеуара әңгімесінде ренжіскен кездері ауыздарынан ак

күшінді салу, аламдар арасындағы қарым-қатынастың шынайылығы, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрді қастерлеу, тіпті қарапайым тілмен айтқанда, жаксы менің жаманды ажырата білуге келгенде кемшіл түсіп жатқан жактары көп болып тұр. Осылардың бөрі жинала келе оларға өлгіңдей қылықтары үйір етіп, бірте-бірте бойларына сіңіріп, бұл енді әдеттеріне айнапалғанды. Жастар арасындағы әлгі қушақтасу сүйсіпеншіліктің жетілгендігін білдіріп, олардың «отан отбасынан басталады» деген қағидаға сай жанұядағы бірлігі мемлекетіміздің



іргетасын нығайтып, қоғамдағы орындары нық болса, өңгіме басқа.

Бас прокуратураның мәліметі бойынша 2013 жылдың 7 айында қылмыс 31,2 пайызға көбейген. Оны жасағандардың көбі жастар. Ең қауіптісі, қылмыскер жасарып баралды. Қазір ішкі істер мекемелерінде (республикада) 20000 жасөспірім «өлсіз топтар» есебінде тұр. Бір жылда 2000-нан аса жасөспірім сотталды екен, олардың төрттен бірі 14-15 жастағылар.

● РИЗАШЫЛЫҚ

АУРУХАНА ҚАЙТА АШЫЛДЫ

Сырдария ауданына қарасты Аманкелді ауылы орталығында сонау 1938 жылдан бері халыққа қызмет жасап тұрған ауылдық аурухана бар болатын. Бұл аурухана тек аманкелділік тұрғындарға ғана емес, көршілес Жетікөл, Айдарлы, Бесарық ауылдары тұрғындары да емдейтін. Түрлі себептермен соңғы екі жылдай мерзімде аурухана жабылып қалған-ды. Ауырған хандар сонау Теренөзек кентінде орналасқан аудандық ауруханаға, облыс орталығына сабылып, өбден өбігерге түсті. Жасиратыны жоқ, облыс, аудан өкімдіктеріне жана басыылар келген соң ауыл халқының жанайқайы солардың құлағына жетті. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен аудандық аурухана жанындағы ауылдық аурухана болып құрылып, осы жылғы қыркүйектен бастап жұмыс жасап жатыр.

Аурухананың бұрынғы қызмет істеп, жұмыссыз қалған отызға тарта қызметкерлері түгелдей өз орындарына қайта қабылданды. Ауруханаға қажетті төсек-орын, дәрі-дәрмек, тағы басқа аудандағы аурухана қаражатынан алынып берілді. Ауылдық аурухана ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, жылу жүйесін толығымен жаңартылды. Қыркүйектен бері ауруханада 52 наукас жатып, емделіп шықты. Халық ризашылық танытауда.

Мұны баспасөз бетінде айтып отырған себебіміз ауылдық аурухана ұжымы мен қарапайым ауыл тұрғындары атынан, осы қуанышты қалың жұртшылықпен бөлісе отырып, бізге қолдау көрсеткен аймақ басшыларына алғысымызды білдіру еді. Жұртшылықтың алғыс сезімін, сол халықтың үні, көзі, құлағы болып саналатын баспасөз арқылы жеткізуді жөн көрдік.

Ауыл ардагерлері атынан
Зиятбек ФАЗЫЛОВ,
ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Сырдария ауданы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Битайлаков Түлөбайдың атына Қызылорда қаласы, Өсербаев көшесі 17 үй, 20 пәтерге (Қызылорда қаласы, Өсербаев көшесі 15 А, 17, 19, Айтеке би к-сі 21 үйлер, Токмағанбетов к-сі 22 үйлер, Кондоминиум «Бахыт-2») берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-009-424 №0022294) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін. ***

Ибраева Аккенже Сабралынқызының атына Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының «Емдеу» факультетін 2007-2008 жылы бітіргені жөнінде берілген АЖБ 0083091 дипломы мен ИК 0005587 интернатура бітіргені жөнінде берілген сертификатты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін. ***

Мамитанова Акерке Аралбаевнаның атына 2000 жылы Ақтөбе гуманитарлық колледжіне түсіп, М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінің «Бастауыш сыныпта оқуы» мамандығы бойынша 2003 жылы бітіргені жөнінде берілген КОБ №0072854 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Ұрлық-қарлық қай халыққа болса да кара күйе жағатыны белгілі. Елдің мәдениет деңгейін анықтау үшін зерттеу ұйымдары үлкен қаланың көшесіне бағалы зат қояды екен де, қанша уақытта қолды болғанын есептейді. Жапонияда мүлдем жоғалмаған. Жапонияда цунами кезінде бірде-бір дүкен тоналмаған, аштықта да сабыр сақтаған, Батыс Еуропада 3 сағатта, Америкада 1 сағатта, Ресейде жарты сағатта қолды болған. Біздегі жағдайды Ресеймен шамалас десек, мәдениет деңгейімізге мақтана алмаймыз.

Атамыз қазақ қызға қырық үйден тыйым салып, үл туса «ел арқа сүйер ер болсын» деп тәрбиелеуші еді. Кенестік тәрбие «жастар – біздің келешегіміз» деп олардың бойында пайда бола бастаған жат қылықтардың соңына шам алып жүретсін, үйде де, түзде де тәрбие жұмысы бір толас-тамайтын. Қазір өткеннің осындай өнегелі ұстанымдарынан ажырап қалғандаймыз. Интернет, теледидар, интернет пен түнгі клубтар, газеттердегі бір сағаттық, бір түндік жарнамалар, тәрбиеге шақырған іс-шаралардан әділқалай көп. Жастардың тәрбиелі, мәдениетті болып қалыптасуы үшін мемлекет, отбасы, тәрбие ошақтары жан-жақты, күндіз-түні, жүйелі жұмыс жасағанның өзінде бір кемістік шығып жататын. Ол қай кезде де жаманның жақсыға қарағанда тез қабылданыптын білдірсе керек. Әлгілер сезімдері балқып тұрған жастарды магниттей тартып алуға. Сондықтан да тәрбиенің жүйелі жұмысы бір мезетке тоқтамауы тиіс. Ал біз 20 жылдан аса уақыт бойы сырттан келіп жатқан кері үйреністермен күрескеп түгілі, оны еселеп өсінуіне мемлекеттік тұрғыда тосқауыл қойып отырған жоқпыз. Демократиялық ел боламыз деп бөріміз ойымызға не келсе соны жасауға, күнделікті ақпараттар легінің жақсы-жаманның таңдауды жастардың өзлеріне қалдыруы болып қалыптасып келе жатыр.

Сәдуақас АНСАТ.
Қызылорда қаласы.

АЖ ТІЛЕК

Медицина ғылымының докторы, профессор Табынбаев Нарман Болтайұлының «Қазақстан Республикасының клиникалық және фундаментальдық медицинасының академия ғылымының академигі» атағын алуымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге өмірдің даңғыл жолында әрдайым сәттілік, еңбегіңіз жанып, шаңырағыңыз шаттық пен бақытқа толып, жеріңіз жарғын, көңіліңіз нұрлы болуына тілектеспіз.

Ізгі тілекпен, облыстық медицина орталығының ұжымы.

ОҢАЛТУ
РӘСІМІ
ЕНГІЗІЛДІ

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 07.11.2013 жылғы шешімімен «СПМК Арслан» ЖШС-не қатысты (Қызылорда қаласы, Қайнарбаев көшесі, 1, БИН 001140003406) оңалту рәсімі енгізілді.

Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде Қызылорда қаласы, Қайнарбаев көшесі, 1 қабылданады.

● СПОРТ

«МҮЗ АЙДЫНЫНА» МАМАНДАР ҚАЖЕТ

Облыстық баспасөз клубында қысқы спорт түрлерін дамыту мәселелеріне байланысты сала мамандары жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен жүздесті. Оған облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Садық Мұстафаев, «Мүз айдыны» көпсалалы спорт кешені директорының орынбасары Ермек Көкөтов, бапкерлер – Елена Назаренко, Болат Қаржаубаев және Расима Жавзмагина қатысты.

Баскарма басшысының айтуынша, бұрынғы жылдарда облыста тек жазғы спорт түрлерін дамытуға мән берілді. Сыр өңіріндегі биылғы басты жаналық – облыс орталығынан мүз айдыны бар кешеннің ашылуы. Ендігі кезекте жергілікті жастар қыс айларында да серектікті серік етіп, өз шеберліктерін шындай алады. Аталмыш орында өрендер мөнерлеп сырғанау, шорт-трек және шайбалы хоккейдің қыр-сырына қаныға алады. Дегенмен, бұл жұмыстарда біршама қиындық кездесіп отыр. Сол салада қызмет ететін мамандардың тапшылығы байқалады. Біздің өңірде жаңадан тұсауы кесілген спорт түрлері болғандықтан, оны жан-жақты білетін бапкерлер жоқ. Осы орайда «Менің спорттық мансабым» атауымен жастар жобасы басталды. Қараша айының 13-і күні басталған жоба екі апта бойы жүргізіледі.

Қысқы спорт түрлерінен бапкер Елена Назаренко аталмыш жұмыс бойынша қолға алынатын іс-шараларға тоқталып өтті. Бұл жоба студенттер мен жас мамандарға арналған. Облыс көлемінде қысқы спорт түрлерін кенінен насихаттау мақсатында қолға алынған игілікті іс келешекте өз жемісін береді деген сенім бар. Екіншіден, жергілікті тұрғындарды спортпен шұғылдануға баулу негізгі мақсаттың бірі саналады. Үшіншіден, дене тәрбиесі және спорт, хореография факультеттерінің студенттерін іріктеп алып, көп сала-лы спорт кешенінде жұмыспен қамтуға мән беріледі. Бұл жобаға облыс әкімдігі, дене шынықтыру және спорт, жастар саясаты басқармалары қолдау көрсетіп отыр.

Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

АЛМАЛЫДА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Жуырда Шиелі ауданының Алмалы ауылында ауыл жастарына арналған спорт кешені ашылды.

● САЛАУАТТЫЛЫҚ

Бұрынғы кеншар кенесі бірнеше жылдан бері жеке кісілерге бөліске түсіп, қараусыз қанырап тұрған-ды. Осы ескі ғимаратты ауыл тұрғындары ортақ мәміле арқылы көлеге жаратуға сөз байласып, жаз айларында жөндеуге кірісті. Қолының ебі бар жігіттер құрлыс жұмыстарын өздері жүргізсе, жағдайы бар кісілер қаражаттан қарасты. Олардың арасында кәсіпкерлер Рабига, Рабибі Нұржановалар, су маманы Әліяр Сейітов және elektrik Шардарбеков бар. Осы істің басы-қасында ауыл әкімі Өмірхан Әбдікәрімов жүрді. Сонымен 450 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 600 мың теңгеге жаттығу жабдықтары сатып алынды.

Спорт кешенінің ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Ерлан Құлшықбаев, аудандық мәслихат хатшысы Өмір Оразбекұлы және аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өркен Исмайл қатысып сөз сөйледі. Сонынан еңбек ардагері Сайпархан Кенжебековтің атында кіші футболдан еске алу турнирі өткізілді.

Аудандық спорт және туризм бөлімінің басшысы Нариман Сапарбай осындай игі шараларды барлық ауылда насихаттау жұмыстарының жүргізілетіндігін, ал, мына Алмалыдағы спорт кешеніне бір маманды штат кестесіне сай тағайындауды ойластырып жатқандықтарын айтты.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

Сырдың жас жұлдыздары

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі

23-58-02

факс

23-55-37

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі

23-74-62

Бас редактордың орынбасары

23-58-62

Жауапты хатшы

23-76-64

бөлімдер:

руханит және апарат - 23-76-34, 23-81-50

экономика - 23-72-38, 23-78-08

әлеумет және саясат - 23-71-70, 23-78-08

жарнама - 23-80-38, 23-78-50

есеп-хисап - 23-81-06

заңгер - 23-64-20

компьютер орталығы - 23-77-45

корректор бөлімі - 23-73-39

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38-234-07

Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32-4-59-51

е-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және апарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетіне тіркелген.

Тіркеу күнінің №129357, 27.08.2012 ж.

Авторының қалғаны патенті бойынша телерадио, киносурет және қолжазбалықтар, жариялануға заңды түрдегі кезектесіп біріккенді.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатылып, «Сыр медиа» ЖШС-не Бастауышқада басылды. Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: 120008 Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.

Таралымы 21085

Тапсырыс № 6

Қызылордалық кеденшілер ғана емес, есірткінің заңсыз айналымымен күресетін бірқатар құқық қорғау органдарының сенімді жәрдемшісі – «Бэтти» кезекті жедел іздестіру сапарынан олжалы оралды.

«БЭТТИДІҢ»
КЕЗЕКТІ ОЛЖАСЫ

Сонымен, №377 «Алматы-Манғышлақ» бағытындағы жолаушылар пойызының жолаушысы А.К. кол жүгімен бірге құны қара базарда алтынмен бағаланатын бірнеше жүз грамм «көптірілген марихуананы» диттеген жеріне жеткізе алмады. Оған кедергі болған облыс бойынша кедендік бақылау департаментінің есірткіге еліткендерді тап бастырмайтын қызметтік иісшіл игі – «Бэтти».

Сот-сараптама қорытындысы бойынша Қызылорда стансасы желілік ішкі істер бөлімі қозғаған әкімшілік іс сотқа қолданды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.